

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

# ХАБАРШЫСЫ

# ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО  
ГУМАНИТАРНОГО  
ИНСТИТУТА

# BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES  
INSTITUTE

№ 3/2023

Жылына 4 рет шығады  
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год  
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year  
Began to be published in 2001

Астана, 2023

---

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан  
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**  
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,  
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

**Редакция алқасы**

<b>Аймұхамбет Ж.Ә.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Ақтаева К.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
<b>Әбсадық А.А.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Бредихин С.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
<b>Ермекова Т.Н.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
<b>Есиркепова К.Қ.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
<b>Жүсіпов Н.Қ.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
<b>Курбанова М.М.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
<b>Қамзабекұлы Д.</b>	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Құрысжан Л.Ә.</b>	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
<b>Онер М.</b>	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
<b>Пименова М.В.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
<b>Сайфулина Ф.С.</b>	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4  
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 17.10.2023ж. қол қойылды. Пішімі 60\*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

---

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**  
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова,  
Астана, Казахстан  
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**  
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова, Астана,  
Казахстан

**Редакционная коллегия**

**Аймухамбет Ж.А.** доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан  
**Актаева К.** доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.  
**Абсадық А.А.** доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан  
**Бредихин С.Н.** доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ  
**Гайнуллина Ф.А.** кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан  
**Ермекова Т.Н.** доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан  
**Есиркепова К.К.** кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан  
**Жусипов Н.К.** доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан  
**Курбанова М.М.** доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан  
**Камзабекулы Д.** академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан  
**Курсыжан Л.А.** кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея  
**Онер М.** доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция  
**Пименова М.В.** доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ  
**Сайфулина Ф.С.** доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4  
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 10.10.2023 ж. Формат 60\*84 1\8. Бум. Типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

---

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**  
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute  
Institute, Astana, Kazakhstan  
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**  
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute,  
Astana, Kazakhstan

**Editorial Board**

<b>Aimuhambet Zh.A.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Aktayeva K.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
<b>Absadyk A.A.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
<b>Bredikhin S.N.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
<b>Гайнуллина Ф.А.</b>	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
<b>Yermekova T.N.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
<b>Yesirkeпова K.K.</b>	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
<b>Zhusipov N.K.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
<b>Kurbanova M.M.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
<b>Kamzabekuly D.</b>	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
<b>Kuryzshhan L.A.</b>	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
<b>Oner M.</b>	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
<b>Pimenova M.V.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
<b>Seifullina F.S.</b>	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev  
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 17.10.2023 Format 60 \* 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

---

## МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

### ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

ABYLOVA G.E., ARIPZHAN G.Zh.	The concept of time in the ancient turkic written monuments.....	7
НУРГАЗИНА А.Б., ТЛЕШ Қ.Е., АЮПОВА Г.К.	Художественный концепт «форсайты» в пространстве текста и способы объективации его смысла.....	20
РАМАЗАНОВ Т.Б., АХМЕТ А.Н., ШОРМАКОВА А.Б.	Лингвокультурный характер диалога в художественном тексте.....	38
САГИДОЛДА Г., САРЕКЕНОВА Қ.Қ., САПАРНИЯЗОВА М.	Ясауи «Хикметтері» тілінің когнитивтік құрылымы: «иман» тұжырымдамасы.....	56
ШАҚАМАН Ы.Б.	Сөз гешталты.....	72

### ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АДАЕВА Е.С.	Қазақ әдебиетін зерттеудің гендерлік аспектілері.....	85
АЛИМБАЕВ А.Е.	Ежелгі жыр-дастандардағы елдік пен қаһармандық.....	102
АМАНҒАЗЫҚЫЗЫ М. ОРАЗБЕК М.С.	Қазіргі қазақ поэзиясындағы қала бейнесі.....	115
АХМЕР Б.Е., АЙМҰХАМБЕТ Ж.Ә., КУРМАМБАЕВА К.С.	Серікбол Қондыбайдың «ілкі төр» концепциясының символдық-мифопоэтикалық мәні.....	126
ӘБСАДЫҚ А.А., ДОСОВА А.Т.	«Қырық мысал»: жинақтың жариялану тарихы және оның Абай шығармашылығымен үндестігі.....	139
ТҮСІПОВА Г.Б., ДАУРЕНБЕКОВА Л.Н.	Алаш кезеңіндегі аударма: Ж.Аймауытұлы – ДЖ.Лондон әңгімелерін қазақ тіліне тұңғыш аударушы.....	156
ZHARYLGAPOV ZH.ZH. SYZDYKOVA B.E.	The concept of archetype in literature and Jung's theories.....	172
КЕРІМБЕКОВА Б.Д.	Дулат Исабеков прозасындағы юмор мен сатира («Бонапарттың үйленуі» әңгімесі негізінде).....	185
ҚҰРМАНБАЙ А.П., СӨРСЕНБАЕВА Ж.Б., ХУАТБЕКҰЛЫ Е.	Қазіргі қазақ поэзиясындағы жаңа тенденциялар (А. Елгезек, Б. Қарағызұлы, Е. Жүніс шығармалары негізінде).....	197
ОМАРОВ Б.Ж.	«Панчатантра», «Кәлила мен Димна» және қазақ мысалы: сюжет пен трансформация.....	214

---

САҒЫНАДИН Г. Эстофольклортанудың кейбір ғылыми-теориялық мәселелері..... 231

ТОҚСАМБАЕВА А.О. Рахымжан Отарбаевтың драмалық шығармаларындағы  
ҚАДЫРОВ А.Қ. хан-сұлтандар мен батырлар бейнесі..... 242

ҚАБЫШЕВ Т.Б.

**ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА  
И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE**

АЗАТБАҚЫТ А.А., М.Әуезов әңгімелерін оқытудың ғылыми-теориялық  
КАРТАЕВА А.М., негіздері..... 260

ТАМАЕВ А.Т.




ASAVBAEVA G.B., Teaching languages in technical universities..... 272

YEREZHNEPOVA S.K.

ZHUMSAKBAYEV A.T.

ХҒТАР 16.21.07

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.04>

Г. САГИДОЛДА<sup>1</sup>   
\*Қ.Қ. САРЕКЕНОВА<sup>2</sup>   
М. САПАРНИЯЗОВА<sup>3</sup> 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан<sup>1,2</sup>  
Алфраганус университеті, Ташкент, Өзбекстан  
(e-mail: [sagidolda\\_g@enu.kz](mailto:sagidolda_g@enu.kz)<sup>1</sup>, [sareke.kk@gmail.com](mailto:sareke.kk@gmail.com)<sup>2</sup>,  
[saparniyazova@alfraganusuniversity.uz](mailto:saparniyazova@alfraganusuniversity.uz)<sup>3</sup>)

### **\*ЯСАУИ «ХИКМЕТТЕРІ» ТІЛІНІҢ КОГНИТИВТІК ҚҰРЫЛЫМЫ: «ИМАН» ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

**Аңдатпа.** Мақалада Ясауи «Хикметтерінің» когнитивтік құрылымы, соның ішінде «иман» тұжырымдамасы қарастырылды. Қожа Ахмет Ясауидің ұрпаққа аманаттаған мұрасы, ұлы тұлғаның ислам діні тарихындағы және ислам мәдениетіндегі, сонымен қатар түркі жұртының рухани мәдениетіндегі орны өте үлкен. Ясауи өз еңбегінде исламның басты парыз-қағидалары, жалпыадамзаттық құндылықтар мәселелерін көтереді. Мақаланың кіріспе бөлімінде Ясауи «Хикметтерін» жан-жақты тұрғыда әр кезеңде зерттеген ғалымдардың еңбегіне шолу жасалынды. Мақаланың мақсаты Ясауи «Хикметтері» тілінің концептілік өрісін лингворухани код тұрғысынан қарастыру. Шығармадағы рухани-мәдени лексика және олардың қатысуымен жасалған бейнелі тілдік орамдар (фразеологизмдер, перифраздар, сөз-символдар) мазмұндық ішкі құрылым жағынан алғанда қазақтың ұлттық құндылықтар жүйесінің діни тұғырына жетелейтін лингворухани код қызметін атқарады деуге болады. «Хикметтер» тілінде иман концептілік деңгейде көрініс береді, тіптен өз құрылымына ар, ұят, әдеп, сыйластық, кішіпейілділік, кешірім, адалдық, кемелдену, әділдік сияқты ұғымдарды жинақтайды. Осы мәселе мақаланың негізгі бөлімінде хикметтерден үзінді келтіріліп, ондағы тілдік бірліктерге талдау жасау арқылы сараланды.

**Түйін сөздер.** Ясауитану, Ясауи мұралары, Ясауи «Хикметтері» тілі, қолжазба мәтін, аударма мәтін, когнитивтік құрылым, концепт, концептілік өріс, лингвомәдени код.

**Кіріспе.** ХХ ғасырдың соңында қазақ елі тәуелсіздікке қол жеткізіп, әлеуметтік, қоғамдық, рухани, саяси тұрғыдан көптеген өзгерістерді бастан

---

\* Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын АР14870245 «Ахмет Ясауидің «Диуани хикметіндегі» тілдік-мәдени кодтар» ғылыми жобасы аясында жазылды.

өткерді. Танымдық көзқарас артып, ой-сана деңгейі де жоғарылап, дінге жаңашыл, жақсы көзқараспен қарайтын болды. Азаттыққа қол жеткізгеннен кейін еліміздің түкпір-түкпірінде түрлі мешіттер мен медреселер салынып, дін туралы ойлар қоғамда ашық айтыла бастады. Жұрттың бәрі исламды тану – Құдайды тану деп қабылдап, ислам мұраларын зерттеуге ерекше ықылас танытты. Дін мен ғылымды зерттеушілердің алдыңғы қатарында тұрған міндет – сан ғасырлық тарихы бар ұлтымыздың асыл қазыналарын, ислам дінінің негіздері мен шарттарын насихаттаған тұлғалардың өмірбаяны мен шығармашылық ғұмыры, атқарған қоғамдық істері туралы ашық жазып, талдап, жан-жақты зерттеу болатын. Солардың ішінде мұсылман халықтарының рухани ұстазы – Қожа Ахмет Ясауиді зерттеу жұмыстары алдыңғы қатарда тұрғаны анық.

Ясауитану – түркі жұртшылығына ғана емес, күллі ислам әлеміне танымал философ-сопы, ақын, ғұлама, данагөй ұстаз Қожа Ахмет Ясауидің (1167 ж.ө.) өмірі, туып өскен ортасы, ұрпаққа аманаттаған мұрасы, ұлы тұлғаның ислам діні тарихындағы және ислам мәдениетіндегі, сонымен қатар түркі жұртының рухани мәдениетіндегі орны, Ясауи мектебінің өкілдері мен олардың шығармаларындағы сопылық дәстүр сабақтастығының өміршеңдігі сияқты көптеген келелі мәселелерді Х-ХІІ ғасырлардағы Қараханид мемлекетінің құрылу, гүлдену және құлдырау кезеңімен, қараханидтер заманындағы феодалдық қатынастар және мемлекеттік құрылымның жүйесімен, исламдағы сопылық ағымның Орта және Орталық Азияда таралуымен, сол кездегі түркітідес халықтардың қоғамдық, әлеуметтік, шаруашылық жағдайымен, рухани мәдени әлемімен, тұрмыс-тіршілігімен сабақтастықта зерделейтін дербес ғылым саласы ретінде қалыптасу процесін бастан өткеруде деуге болады. Ясауитанудың ғылыми ұстанымы түркі әлемі руханиятының ортағасырлық бастау-арналарын іздестіретін тарихилық сипатпен шектелмейді.

Қазіргі таңдағы ғаламдық ақпараттық-технологиялық кеңістіктің біртұтастануы жағдайындағы цифрлық кезең «Ясауитанудың» алдына: Қожа Ахмет Ясауи мұраларын түстеп-түгендеу және ғылыми зерттеудің нысанына қол жетімді болдыру үшін Ясауидің өзінің және оның ізбасарлары қалдырған мұралардың қолжазба факсимилелерін, текстологиясын, әр түрлі тілдердегі аудармаларын, Ясауи мұраларына қатысты үлкенді-кішілі танымдық, ғылыми т.б. сипаттағы зерттеулерді жинақтау және сандық форматқа көшіру; Ясауи мұраларын зерттеудің тарихилық пен заманауилық принциптеріне негізделген кешенді амал-тәсілдерді қалыптастыру; Ясауи мұраларын «Қоғам: Адам: Мәдениет», «Дін: Адам: Діл», «Қоғам: Тіл: Дін», «Дін: Тіл: Діл» және т.б. триадалар шеңберінде ХХІ ғасыр лингвоконцептологиялық және лингвофилософиялық тұрғыдан зерттеу міндеттерін қояды.

Қожа Ахмет Ясауидің парасатты пайымдаулары мен нақыл сөздері, өткір



ойлары мен терең тұжырымдары жинақталған теңдессіз жинақ – «Диуани хикмет». Қожа Ахмет Ясауи «Диуани хикметтерінде» моральдық, философиялық, идеологиялық негіздерді ұстанып, адам баласының осы өмірдегі басты мақсаты – Алланы тану және адамның өзін-өзі тануы екенін нақты көрсетеді. Жаратушының бар екеніне иланбаған адам, жүрегін иман нұрымен толтырмаған адам. Адамның бойында болуы керек игі қасиеттер мен кемелдену жолындағы күресін толыққанды тұжырымдап, ислам діні негізінде жырлап өткен Ясауи бүкіл мұсылманның, әсіресе ислам дінін ұстанатын түркі халықтарының рухани ұлы ұстазы.

Ясауи – ұлы ақын. Ол сопылық поэзияның негізін салып, оны түркі жұртына насихаттаған тұлға. Қожа Ахметтің асқан ақылды, туғанынан ақын кісі екені туралы Жүсіпбек Аймауытұлы былай дейді: «Жалғыз-ақ ирандық Шәріптідин Язидиеннің кітабында Қожа Ахмет туралы анық мағлұмат бар деседі. Ол кітапта Қожа Ахмет Түркістан қаласынан отыз бес шақырым «Йасы» деген қалада туған. Ишандардың айтуынша, «Йасы» – Түркістандағы, мешіт жанындағы «Күл төбе». Медреседе оқып жүргенде түріктің бір ғалымы зеректігіне қызығып, Иран жаққа оқуға әкетіпті. Қожа Ахмет көп жыл оқып, молда болып қайтыпты. Жаратылысынан ақылды, ақын адам болса керек. Төңіректегі елге би болып, әділдігіне мұсылман түгілі, христиан дініндегі адамдар іздеп келіп, бітім айтқызған. Кәріп-қасарға көп жәрдемі тиген. Надан жұрт «Әулие» деп қастерлеп әкеткен» [1, 303].

Қожа Ахмет Ясауидің және оның ұстазы Арыстан баб кесенелерінің қазақтың киелі топырағында, өзінің туып-өскен жері Түркістан қаласында орналасуы – қазақ халқы үшін зор мақтаныш. Түркістан қаласының сәнін ашып, сәулесін шашып, нұрландырып, жарық беріп тұрған Ясауи кесенесіне келушілер саны күннен-күнге артып, толастар емес. «1978 ж. қыркүйекте Қожа Ахмет Иасауидің республикалық мұражайы ашылды. 2003 ж. маусымда Парижде өткен ЮНЕСКО-ның 27-сессиясында Қожа Ахмет Иасауи кесенесі дүниежүзілік мәдени мұралар тізіміне енгізілді» [2, 129]. 2000 жылдық тарихы бар Түркістан топырағын киелі етіп, құдіретін арттырып тұрған да – ұлы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі.

«Өзінің «Диуани хикмет» деп аталатын ақындық туындысында Қожа Ахмет исламның басты парыз-қағидалары жайында әңгімелейді, өлең шумақтарында ол тақуалыққа, сабыр мен ұғыныстыққа шақырады. Жалпыадамзаттық құндылықтарды уағыздай отырып, дана ақын билігі шектен шыққан әміршілер мен дін үлемдерін әшкерелеп, сынайды. Бірінші кітап шарифатқа, екіншісі – тауарихқа, үшіншісі – хақиқатқа, төртіншісі – тарихатқа, яғни сопылықтың мұрат-мақсатына арналған» [3,86].

Қожа Ахмет Ясауидің ұстанған сопылық ілім дүниедегі барлық тіршілік иелерінің, бүкіл жаратылыстың Алланың махаббатынан жаратылғандығын растайды. Сопылық философия бүкіл адамзат баласын тек қана ізгі қасиеттер

мен іс-әрекеттерге тәрбиелейді. Сол арқылы адам жан-дүниесінің тазалығына, шынайы бақытқа ұмтылады. Ясауи ілімі – сопылыққа бастайтын, оның сипаттары мен мақсатын, мазмұнын насихаттайтын, соған негізделген ілім. Ясауи ілімі бойынша, сопылық дүниетанымның басты мұраты – күллі әлемді жаратушы Алланы тану. Ал ғашықтық болса, Ясауидің тілімен айтқанда, Аллаға деген ғашықтық – сопылықтың ұстанымы. Сондықтан да Алланы тану, оған деген риясыз ғашықтық адам жанының жүрек бөлігімен тығыз байланысты. Жан мен тәннің байланысында жүректің атқарар рөлі айрықша. Ясауи ұстанған осындай тағылымды, ұлы ойларды Абай мектебінен де кезіктіреміз. Абайдың «толық адам» концепциясы Ясауи философиясымен өзара ұштасып жатыр. Хакім Абайдың:

«Махаббатпен жаратқан адамзатты,

Сен де сүй, ол Алланы, жаннан тәтті» [4, 244], – деген жолдарындағы ақын айтқысы келген ойдың төркіні де Хақ тағалаға, Аллаға деген ғашықтыққа жетелері сөзсіз.

«Ясауи ілімі мен шығармашылығы түркі халықтары рухани мәдениетінің барлық саласында – әдебиетінде, тарихында, салт-дәстүрінде, дүниетанымында, ойлау жүйесінде өзіндік із қалдырды. Сондықтан ойшыл ақын мұрасын зерттеп-зерделеу – ұлтымыздың төл болмысын, түп негізін тану болып табылады» [5, 331].

Қожа Ахмет Ясауи «Диуани хикметтерінің» тілі көркем әдеби сөздерге, терең ойлы философиялық тұжырымдарға толы. Ұлы ғұлама жиі қолданған Аллаға ғашықтық, иман, адамгершілік, әділдік, ар, ұят, кешірім, қайырымдылық, уәде, ғаріп, және т.б. діни лексиканы қазақ халқының ұлттық ой-өрісінің кемелденуі мен ислами құндылықтарының қалыптасу эволюциясын зерделеуге жетелейтін лингворухани код тұрғысынан қарастырудың маңызы зор.

«Диуани Хикметті» зерттеумен түрік ғалымы М.Ф. Кепрюлю-заде, орыс ғалымдары А.Н. Самойлович, Е.Э. Бертельс, А.К. Боровков, Г.Ф. Благова, өзбек ғалымдары Э.Р. Рустамов, Н.М. Маллаев, В.И.Захидов т.б. айналысты. Жыр жинағы 1887, 1901 жылдары Қазанда, 1901 жылы Стамбулда, 1902, 1911 жылдары Ташкент қаласында жеке кітап болып басылып шықты [6, 24-33].

«Диуани Хикметті» лингвистикалық тұрғыдан зерттеу мәселесінде, әсіресе орта ғасырлардағы түркі әдеби тілдерінің қалыптасуы мен дамуы проблемасымен айналысқан А.Н. Самойлович, К.Г. Залеман, С.Е. Малов, А.К. Кононов, А.К. Боровков, Э.Н. Наджип, т.б. орыстың түркітанушы ғалымдарының қосқан үлесі ерен деуге болады. [7, 265].

Қазақ зерттеулершілерінің ішінде ең алғашқылар болып Қожа Ахмет Ясауи жайында ой қозғаған Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы болды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы Ясауиге қатысты аңыз әңгімелерді, естіген, көрген-білген материалдарды жинақтап, замандастарымен ой бөлісіп, өз дәуірінде мақалалар

жариялап отырды. ХХ ғасырдың басында көптеген кедергілердің болуына қарамастан қазақ зиялылары Қожа Ахмет Ясауи туралы танымдық мақалаларын баспа беттерінде жариялап отырды. Мәселен, М. Дулатұлы 1913 жылы «Қазақ» газетінің 16-санында жарияланған «Хазіреті Сұлтан» атты мақаласында Ясы қаласына Қожа Ахмет келгеннен соң, ел-жұртқа даңқы қатты жайылғанын жазады.

Ясауи туралы тереңнен ой қозғап, толымды еңбек жазған қазақ ғалымдарының бірі – Ханғали Сүйіншәлиев. 1967 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері туралы» деп аталатын еңбегінде Х.Сүйіншәлиев Ясауи ілімінің негізгі мақсат-мүддесін айқындап көрсетуге ұмтылды. Ғалым Ясауидің дүниетанымы мен ғұмырбаянына, шығармаларына терең бойлай отырып, ақынды өз қоғамының жемісі ретінде танып, оның поэзиясында халық ауыз әдебиетінің сарындары көптеп кездесетінін ашық жазды. Өлең буындарына, айшықтарына, ерекшеліктеріне, олардың берілу сипаттарына қарап, одан кейінгі қазақ ақын-жырауларының көбі дерлік Ясауи шығармашылығынан сусындап, оған еліктегенін пайымдады. Ал Ә. Қоңыратбаев «Қазақ эпосы мен түркология» (1987) атты еңбегінде Ясауидің шығармашылығына әдеби талдау жасайды, сопылық поэзияның туу және қалыптасу тарихына көз жүгіртеді.

А. Әбуовтың «Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымын зерттеудің тарихи-философиялық аспектісі» (Түркістан, 1996), С. Дәуітұлының «Диуани хикмет» хақында» (Алматы, 1998), Құдайберген Жұбанов пен Жанғазы Жолевтің 6 тараудан тұратын «Қожа Ахмет Ясауи» («Жұлдыз» журналы, 1999) тәрізді көлемді мақалалары Ясауитанушылар үшін тың дерек көзі, қажетті материал бола алатыны сөзсіз. Қазақ тіл білімінде Ясауидің тіліне, оның лексикалық сипатына, текстологиясы мен аудармасына қатысты айтылған Ә. Құрышжанов пікірлерінің де маңызы зор [8, 190].

ХХ ғасырдың соңғы он жылдығында Қожа Ахмет Ясауи хикметтерін қазақ тіліне аудару ісі ерекше жанданды деуге болады. Мәселен, М.Жармұхамедұлы 1993 жылы ҚР Ұлттық кітапханасының сирек кітаптар мен қолжазба қорында сақталған (№ 2330-38) «Хикмет Хазірет Сұлтан Қожа Ахмет Ясауи» қолжазбасында кездесетін хикметтерді ана тілімізге тәржімалап, жеке жинақ ретінде жариялады. Жинақ араға 11 жыл салып, 2002 жылы «Жалын» баспасынан қайыра жарық көрді. С. Битенұлы 149 хикметті (1990), Х.З.Иманжанов 40 хикметті (1991), Ә. Жәмішұлы 70 хикметті (1995), Е. Дүйсенбайұлы 71 хикметті (1998), Ә. Ибатов, З. Жандарбек, А. Нұрмановалар 149 хикметті (2000), Т. Айнабек 149 хикметті (2001) тәржәмалап, көпшілік назарына ұсынды.

Қазақстанда Ясауитану саласы 2000 жылдардан кейін дамудың жаңа сатысына көтеріліп, Ясауи мұрасын зерттеу, аудару және насихаттау ісінде біршама жетістіктерге қол жеткізілді. Мәселен, профессор Мекемтас

Мырзахметұлы 2011 жылы «Жалын» журналында (№ 9. – 4-7 б.) жарық көрген «Яссауи поэзиясы: ғылымды жүйелеу көріністері жайында бірер сөз» атты мақаласында Ясауи дүниетанымының сипаттарын айқын көрсетеді. Ақын шығармаларының адамның ішкі жан толғаысынан сыр шертіп, оның түп-төркіні әлемнің екінші ұстазы әл-Фарабидің тағылымды туындыларында, өнегелі ойларында жатқандығын аңғартады. М.Мырзахметұлы Ясауи ілімін зерттеудің күрделілігіне қатысты мынадай пікір айтады: «Яссауи заманынан бізге жеткен сопылық танымның уақыт жүрісіне қарай әрқилы реңктерге түсіп өзгеріп отырған болмысын танып, ажырата білудің өзі кімге де болса оңайға соқпайды. Сопылық әлем болмысына, ең болмағанда, бүкіл мұсылман елдері жетік білетін қарапайым исламиятқа дарялығы тым мардымсыз, қазіргі қазақ оқырмандары үшін одан да ауыр соқпақ. Бұған қоса суфизмнің ірі өкілдерінің ой танымы, көбінесе сопылық классикалық поэзия тілімен берілуінің үстіне қатқабат астарлы да перделенген символды шартты ұғымдармен пәлсапалық өреде өріліп берілуі де қинаған үстіне қинай түспек» [9, 5].

Рәбиға Сыздықованың «Ясауи тілінің қыпшақтық-оғыздық негізі» атты мақаласы 2002 жылы «Түркология» журналында жарияланды. Мақалада Ясауидің өмірі мен хикметтерінің тілі туралы жан-жақты талдау жасалып, ғұламаның өмірлік мақсаты мен хикметтерінің рухани маңызы туралы сөз етіледі. Рәбиға Сыздықова зерттеуінде Ясауидің ілімі Құдайды табиғатпен теңестіріп, Құдайды тану, ең алдымен, адамның өзін тануы арқылы басталатындығы екенін ашық жазады.

**Әдістеме және зерттеу әдістері.** Мақаланы жазу барысында тіл білімі ғылымының негізгі әдістері мен жалпы ғылыми әдістерді пайдаланылды. Талдау, жинақтау, салыстыру әдістерді қолданылды.

**Талқылау мен бақылау.** «Ясауи «Хикметтерінің» тілі» (Алматы, 2014) деп аталатын бірегей еңбегінде Р.Ғ. Сыздық: Ясауи хикметтерінің Самарқанд (Залеман) қолжазбасы туралы археографиялық мәліметтер береді; қолжазба мәтінінің фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, фразеологиялық, көркемдік сипаттарын танытады; Ясауи «Хикметтерінің» тілдік негізін (сүйегін) қыпшақ-оғыздық аспектіде жете зерттеудің қажеттілігін алға тартады; Ясауитанудың лингвистикалық бағытында орын алуға тиісті қазіргі таңдағы ғылыми басымдықтарды жіктеп көрсетеді [10, 5]. Р.Ғ. Сыздық атап көрсеткен Ясауи «Хикметтері» тілін зерттеудің басым бағыттарының бірі – ескерткіш тілінің когнитивтік құрылымына (жүйесі) қатысты тақырыптарды қолға алу.

Когнитивтік құрылымның негізгі элементтердің бірі – концепт. Тілтаным ғылымында, соның ішінде қазақ тіл білімінде концепт туралы анықтамалық деңгейдегі пікірталастар толастамай келеді. Дейтұрғанмен концептінің ұлттың тілімен және рухани-мәдени құндылықтар әлемімен тығыз байланыстағы күрделі құрылым екені дау туғызбайды. Мәселен, орыс ғалымы В.А. Маслованың пікірінше: «Концепт – это семантическое образование,

отмеченное лингвокультурной спецификой и тем или иным образом характеризующие носителей определенной этнокультуры. Концепт, отражая этническое мировоззрение, маркирует этническую языковую картину мира и является кирпичиком для строительства «дома бытия» [11,36]. Ал А.Ислам лингвомәдени ізденістерде дүниетанымдық концептілердің өзіндік орны бар екенін айта келіп: «концепт дегеніміз, ол біздің пайымдауымызша, адам санасында тұрған орта, дін, мәдениет, жалпы алғанда, дүниетаным негізінде белгілі бір ұрпақтан-ұрпаққа өзгеріссіз беріліп отыратын құндылық. Сөйтіп олар «концептілер аймағын» құрайды» – дейді [12,5]. Демек, концептіні этникалық дүниетаным мен ұлттық рухани-мәдени құндылықтардың тіл бірліктерінің ішкі құрылымының терең астарында бекіп, тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғастық табуын қамтамасыз ететін ықшам тұрпаттағы семантикалық құрылым деп санасақ, Ясауи «Хикметтері» тілінің концептілік өрісін лингворухани код тұрғысынан қарастыру қажеттігі туындайды.

Ясауи «Хикметтері» тілінің концептілік жүйесі онда жырланған Аллаға және Мухамед (с.а.у.) пайғамбарға деген сүйіспеншілік, кедей-кепшектер мен жетімдерге қамқорлық көрсету, діни парыздарды орындау, зікір салу, нәпсімен күрес, өзін-өзі сынау, өлім туралы ойлау, рухани кемелдік және оған жетпей тұрып шейх болудың дұрыс еместігі сияқты басты тақырыптармен тікелей байланыста болып келеді. Ясауи тіліндегі Хақ тағалаға деген ғашықтықты, Мухамед (с.а.у.) пайғамбарға деген сүйіспеншілікті, адамдық пен әділдікті, иман мен әдептілікті, ар-ұят пен нәпсіні, ғаріптік пен жетімдікті сипаттайтын тіл бірліктері, нақтырақ айтсақ, рухани-мәдени лексика және олардың қатысуымен жасалған бейнелі тілдік орамдар (фразеологизмдер, перифраздар, сөз-символдар т.б.) мазмұндық ішкі құрылым жағынан алғанда қазақтың ұлттық құндылықтар жүйесінің діни тұғырына жетелейтін лингворухани код қызметін атқарады деуге болады.

Ахмет Ясауи «Хикметтері» арқылы өзін ислам дінінің нағыз насихаттаушысы, тартушысы ретінде танытты. Ғұлама өз «Хикметтерінде» Аллаға шексіз ғашық болуды дәріптей отырып, ислам дінінің ғана емес, Мухамед пайғамбар (с.а.у.) үмбеттерінің кемелденуінің өзегі етілетін **иман** тұжырымдамасын жасады.

Ясауи «Хикметтері» тілінде иман – Аллаға, Хақ тағалаға деген шексіз ғашықтық, Алланың құлы және елшісі Мухамед пайғамбарға (с.а.у.) деген риясыз сенім, исламды шын жүректен қабылдай алуы. Хикметтер тілінде иман концептілік деңгейде көрініс береді, тіптен өз құрылымына ар, ұят, әдеп, сыйластық, кішіпейілділік, кешірім, адалдық, кемелдену, әділдік сияқты ұғымдарды жинақтайды деуге болады.

Қазақстандық ясауитанушылардың бірі – З. Жандарбек: «Қожа Ахмет Ясауи өзінің басты қызметі Иманды Исламға қайтару деп түсінді және өзінің бар күш-қуатын осыған арнады. Ол діннің негізгі тірегі иман екендігін анық

түсінді және өзгелерді де иманның құдіретін өзіндей түсінуге, сезінуге шақырды. Қожа Ахмет Йасауи иманды діндегі бар амалдың алдына шығарды. Иман жоқ жерде дін де жоқ. Ол өзінің осы талабын өзінің соңынан ергендерге аманат етіп қалдырды» дей келе, оның басты себебін Ясауи өмір сүрген кезеңдегі рухани тарихи себептермен байланыстырады [13]: «Қожа Ахмет Йасауи ислам дінінің әлсіреп, мұсылман қауымының рухани саяси дағдарысқа түскен кезеңінде тарих сахнасына шықты. Бұл кезеңде Ислам әлеміндегі жағдай күрделеніп, билік үшін талас өршіп тұрды. Бұрынғы исламға тіреу болған ірі мемлекеттер іштей іріп, бөлшектеніп майда иеліктерге айналды. Ислам әлемінің әлсірегенін сезген Европа мұсылмандарға қарсы крест жорығын бастады. Жерорта теңізі жағалауындағы көптеген жерлер крестішілердің қоластына түсті. Шығыста қаратқытайлар Қарахандық билеушілерді тізе бүктіріп, өздеріне жартылай тәуелді етті. Ислам әлеміне тіреу болады деген Хорезмшахтар мемлекеті Меккені басып алуға, өзіне тәуелді етуге ұмтылды. Мұның бәрі ислам қоғамындағы етек алған рухани дағдарыспен тікелей байланысты болды. Қожа Ахмет Йасауи сол кезеңнің басты мәселесі – мұсылман дініндегі халықтардан иманның көтерілуі, халықтың көбі имансыз тобырға айналуында екенін көре білді».

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» (2008) иман сөзінің негізгі үш мағынасы көрсетіледі [14, 353-354]: 1. Ислам дінінің бес парызының бірі, діншілдік наным. 2. Адам бойындағы ізгілік, адамгершілік; 3. Белгілі бір іс-әрекетпен байланысты серт, уәде, үміт. Иман сөзі тірек компонент болған фразеологизмдер де қазақ тілінде көптеп кездеседі: иман айтты – құдайға құлшылық етті, дұға оқыды; иман келтірді – шариғат заңы бойынша аят оқыды; иманын үйірді – 1) адам өлер сәтінде Құран аяттарын оқу; 2) қатты қорықты; иман жүзді кісі – кішіпейіл, жүзі жылы адам; иманы бетінде үзіліп тұр – ұяң, ибалы, тәрбиелі; иманын ұшырды – үрейін алды, қорқытты; иманын сатты – ар-ұятын саудаға салды; имандай ұйыды – бар ынта-ықыласымен иланды, сенді және т.б.

«Иман дегеніміз не?» – деген сұраққа ғұлама Ясауи «Хикметтерінде» былайша жауап береді [10, 269]:

94а

4./Құл Хожа

5. қырққа кірдің нәфсіңні қырқ/

6. мұнда йығлаб ахирәтдә болғыл ғариқ/

7. пост-и иман шариғат дүр мағзы тариқ

8. тариқаттә кіргән үлүш алды дустлар.

Фактологиялық материал ретінде талдауымыздың арқауына алынып отырған Самарқанд қолжазбасындағы Құл Хожа қырққа кірдің нәфсіңні қырқ деп келетін бірінші жол «Хикметтердің» 2000 жылы жарық көрген аудармасында [15, 49]: «Құл Қожа Ахмет, қырықты жырақ қыл да» деп, ал 2009 –

жылғыда «Құл Қожа Ахмет, қырықты шырақ қыл да» деп беріледі[16, 39]:

Құл Қожа Ахмет, қырықты жырақ / (шырақ) қыл да,  
Ақыретте есіңді жи, жылап мұнда.  
Иман – дін, мәні – дүние мұрат қума,  
Үлесін құдай деген алды, достар.

Ясауидің «Хикметтерінде» көрініс тапқан ең негізгі ұстанымдарының бірі – дін жоқ жерде иманның да болмайтынын айқын дәріптеуі. Мәселен, ислам дінін ұстанатын әр адамның тірлігінде жасаған дұғасының бұ дүниеден өтер сәтіндегі иман үйіруіне қатысы Ясауидің «Хикметтерінде» (Самарқанд нұсқасы) [10, 199]:

ба

1. махшарда хуррам/қийаматда улығ зәтігә
2. мәхрам / ду'аға йары берсүн һәр мусулман
3. өләр уақтыда елткәй нур-и иман - деп жырланады.

Бұл жолдар қазақ тіліне былайша аударылып беріледі[15, 191]:

Құдайым ойласын махшарда жақсылық

Қиямет күні қымбат затына.

Дұғаға жәрдем берсе әр мұсылман,

Өлер уақытында күтеді оларды, нұр иман

Иман адамның бойындағы кішпейілділік, қарапайымдылық, мейірімділік сияқты жақсы қасиеттердің тұғыры болатыны, ал менмендік, тәкаппарлық, надандық, т.б. қасиеттер имансыздықты көрсететіні, имансыз адамның оқыған Құраны мен жасаған дұғасының еш қабыл болмайтыны Ясауидің «Хикметтерінде» былайша жырланады[10, 200]:

7а

10. дин исләми йоқ иманы уайран/қийамат

11. таңы атса йолда қалған/ пирі кәмильні

12. көрмәй шайх сан'ан/Худа етмәс

13. қабул оқыса қуран/өзіні шайх етәр.

Бұл жолдардың аудармасына зер салсақ, Ясауи тілінің поэтикалық әлеуетін көрсету мақсатында қолжазбадағы жолдарының орын тәртібінің ауыстырылғанын байқауға болады [15, 192]:

Пір Кәмілді көрмей, шайх санамаймың,

Құдай қабыл қылмас ол оқыған Құранды,

Діні иманы жоқ, исламы ойран,

Қиямет таңы атса, жолда қалған

Өзін шайх дер, іші бос, құр қуыс.

Ясауи тілінде йол – «жол» сөзі арқау болған йолда қал-, йолға кір-, йолға сал-, йол тұт-, игрі йол, йахшы йол, йолдын аз- (жолдан азу), йол адашсаң, йолдын азсаң тәрізді бейнелі фраеологизмдер жиі кездеседі. Ясауи тіліндегі йол – Алланы, Хақ Тағаланы тануға апаратын жол, Құдай жолы, Алланың жолы



деген мағыналарда қолданылады.

**Нәтижелер.** Р. Сыздық «Диуани Хикметтер» тілінде қолданылатын фразеологизмдер мен тұрақты эпитетті тіркестер – поэзия тілінің көріктеуіш құралдарының екенін, олардың бірқатары бір затты, құбылысты астарлап, өзгеше мағына беріп атаса, енді біреулері семалық ренк үстеп, семантикалық шеңберін кеңейтіп не тарылтып көрсететінін айта келіп: «мәселен, игрі йол, йахшы йол» дегендер тіпті де «көлік, адам жүретін кәдімгі жол» дегенді білдірмейді, ол жалпы ислам дінінде, оның ішінде Ясауи тілінде «мистикалық суфизм дініне ден қою, бас ұру, оны берік ұстану» деген ауыспалы (өзгеше) мағынадағы атауды білдіреді» – дейді [10, 173].

Ясауи «Хикметтерінде» йол таб-, йолғә кір- тіркестері Ясауидің өзінің Хақ жолына түсуіне қатысты:

Қырқ йашымда Алла дедім йол тапай деб,  
Ерәнләрні ізін алыб һәм өпәй деб,  
Хизмәт қылыб һәр сир көрсәм мән йапай деб,  
Зәті ұлуғ хожа сығынып келдім сәңә

Қырқ бірәмдә талиб болұб йолғә кірдім,  
Ихлас бірлә йалғұз Хақгә көңүл қойдым.

Құл Хожа Ахмәд йолғә кіргін хала фурсат,

Алла дегіл ‘умрың өтті дәм ғанимат – деп келетін жыр жолдарында кездеседі [10, 300; 370].

Алланың хақ жолына түсудің азап-мехнаты көп екені, жолдан таймау үшін Аллаға көп жалбарыну қажеттігі «Хикметтер» тілінде [10, 300; 370].

Айа дустлар, бұ йолларны ‘ақбасы көп,  
Йүрсә болмас пир хизмәтін етмәгүнчә,  
Йүз мың афат михнәт хатары көп.

Зар йығлагіл зар еңләгил рахм әйләсүн,  
Йолдын азсаң қолұң түтүб йолға салсүн.  
Әмин дегіл пир-и Муған қолұң алсүн,  
Хизмәт қылған ахир мурад тапар дустлар – деп жырланады.

Демек Ясауи үшін Хақ жолы дегеніміз – адамның рухани кемел тұлғаға айналуының жолы. Алла жолында Расул тәрізді қиындық көріп, азап шекпейінше Хақ Тағаланы тану мүмкін еместігі идеясы Ясауи «Хикметтері» тілінде ғаріп, ғаріптілік ұғымдары арқылы беріледі.

Ғаріп сөзі қазақ тілінде «мүсәпір», «байғұс», «бейшара» мағыналарын білдіреді. Сонымен қатар, шарасыз адам кейпін беруде де ғаріп сөзі жұмсалады. Қазақ әдеби тілі сөздігінің 4-томында мынандай анықтама берілген:



«Ғаріп. 1. Кәріп, мүсәпір, бейшара. 2. Бейшара, сорлы, кедей. 3. Қиын жағдайға ұшыраған, ауыр халдегі адам» [17, 9]. Ғаріп сөзі сөздікте «қайғы» ұғымымен де байланыстырылады. Ғаріп жүрек (қайғылы жүрек), ғаріп көңіл (қайғылы көңіл), ғаріп болды, ғаріптікке тап болды (қиындыққа тап болды) деген тіркестердің барлығында ғаріптік қайғы мен қиыншылықтың образына алынады.

Ясауи «Хикметтеріндегі» ғаріптік – тек қана бір Алладан көмек сұрау, Алланың алдында ғана шарасыз болу, Аллаға ғана сену, жалбарыну, тәубе ету болмақ. Сондықтан ғаріптік – «Хикметтер» тілінде имандылықпен ұштастырылады [18, 167-178]:

Хақны тапқан ғариблары дәйим фақир,  
Қайда барса бойнын игіб йүрәр Хақир.  
Тофрағ болған ғарибларны хублар таныр,  
Йахшыларны хизмәтідә өлмәйін му.

Ясауи «Хикметтерінде» ғаріп, пақыр, жетім жандардың көңілін тауып, мейірімділік таныту, оларға қамқорлық жасау Расулдан аманатқа қалдырылған адамгершілік пен ізгіліктің озық үлгісі етіледі [19,1-12]:

Ғарип, йетим, мискинларни башин сылаб,  
Көңили қатиг халаиқдин қачтим ман-а  
Ғарип, фақыр, йетимларни Расул сурди,  
Ошил туни Миғраж чикиб дидар курди.  
Қайтыб тушиб ғарипларни халин сурди,  
Ғарибларни изин излаб йурдим ман-а

Мадинаға Расул барыб болды ғариб,  
Ғариблиғда мехнат тартыб болды қариб,  
Жафа тартыб йаратқанға болды хабиб,  
Ғариб болыб ғакабалардин аштым ман-а – деп жырлайды.

Қазақ тілінде бұл жыр жолдары былайша аударылады[15, 7]:  
Ғаріп, жетім, пақырлардың көңілін сыйлап,  
Көңілі бүтін халайықтан қаштым міне

Ғаріп, пақыр, жетімдерді Расул білді,  
Сол түні Миғраж шығып, дидар көрді,  
Қайтып түсіп, ғаріп, пақыр қалін сүрді  
Ғаріптердің ізін іздеп түстім міне

Мәдинеге Расул барып, болды ғаріп,  
Ғаріптіктен азап тартты күйіп-жанып,  
Жапа тартып, жаратқанға болды жақын,  
Ғаріп болып, ауыр жолдан астым міне.

**Қорытынды.** Ясауи «Хикметтерінде» көрініс беретін «Иман» тұжырымдамасы Аллаға деген ғашықтық, Алланың құлы және елшісі Мухамед пайғамбарға (с.а.у.) деген махабат, Хақ жолына түсу және ол жолда мехнат шегіп, ғаріп күйге түсу ұғымдарымен шектелмейді, сонымен қатар адамгершілік, ізгілік, әділдік, ұстамдылық, сабырлылық, қарапайымдылық, кешірімді болу және т.б. асыл қасиеттермен сипатталатын «кемел адам» образына қатысты концептілік жүйені қалыптастыруға негіз болады. Ол жүйе, сайып келгенде, Ясауи «Хикметтері» тілінің когнитивтік біртұтас құрылымын түзіп, Алла мен адам арасындағы көзге көрінбейтін, бірақ адамның іс-әрекеттері арқылы танылатын рухани ішкі байланыстар «Хақ», «Рух», «Рахым», «Нұр», «Жүрек», «Көңіл» және т.б. ірі-ірі концептілер шеңберінде лингворухани кодқа түсіріледі.

### Әдебиеттер

1. Аймауытов Ж. Әзірет Сұлтан (Қожа Ахмет Иасауи) / Иассауи Қожа Ахмет. Диуани хикмет. Даналық кітабы. – Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2009. – 312 б.
2. Қазақ халқының тарихи тұлғалары: Қысқаша анықтамалық / Құрастырған: Ә.Көпіш. – Алматы: «Өнер» баспасы, 2016. 1-кітап. – 312 б.
3. Байниетова С. Қожа Ахмет Иасауи. Тарих, тұлға, уақыт. – Алматы: «Аруна», 2007. – 96 б.
4. Шығармаларының екі томдық жинағы / А.Құнанбаев. 1-том: Өлеңдер мен поэмалар. Жалпы редакциясын басқарған М.Әуезов. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1957. – 367 б.
5. Қожа Ахмет Иассауи: Ғасырлар шыңынан шашылған нұр (ғылыми басылым). – Алматы: «Қазэтнодизайн», 2007. – 480 б.
6. Құрышжанов Ә. Қожа Ахмет Ясауи шығармаларын зерттеудің кейбір мәселелері // ҚР ҰҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы, 1994. № 5. – 24-33 бб.
7. Saraenbekov N., Abdina A. (2023). Intentional Approach to the interpretation of existential categories in the «Khikmets» of Akhmet Yassawi. Journal of Turk Kulturu ve Hacı Bektaş Veli-Arastırma Dergisi, No 0106, 265-276. <https://doi.org/10.34189/hbv.106.012>
8. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы, 1991. – 335 б.
9. Мырзахметұлы М. Ясауи поэзиясы: ғылымды жүйелеу көріністері жайында бірер сөз. «Жалын» журналы, 2014. – № 9. – 4-7 б.
10. Сыздықова Р. Ясауи «Хикметтерінің» тілі. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2014. – 667 б.
11. Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. – Минск: ТетраСист., 2004. – 55 с.
12. Ислам А. «Өмір» концептісінің тілдегі көрінісіне лингвомәдени сараптама [Мәтін] // А. Ислам. – ҚР. ҰҒА-ның хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы.

– 2003. – №4. – 18-33 бб.

13. Жандарбек З. Қожа Ахмет Йассауидің түркі тарихындағы орны. [эл.ресурс]: <https://abai.kz/post/9200>

14. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.

15. Йассауи Қожа Ахмет. Хикметтер/ Жалпы редакциясын басқарған М.Қ. Әбусейітова; Қазақшалаған: Ә. М.Ибатов, З.Жандарбек, А.Ш.Нұрманова. – Алматы, 2000. – 208 б.

16. Йассауи Қожа Ахмет. Диуани хикмет. Даналық кітабы/Аударған Есенбай Дүйсенбай. – Алматы, 2009. – 312 б.

17. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 4-том. / Құрастырған: Н.Әшімбаева, Қ.Рысбергенова, Ж.Манкеева және т.б. – Алматы, 2011. – 752 б.

18. А.Е.Алимбаев Қожа Ахмет ясауи хикметтеріндегі ғұмыр философиясы // Еуразия гуманитарлық институты хабаршысы. № 1 – 2023., Б. 167 – 178. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-1.13>

19. Juraev Z., Rajavailev B., (2023). Glorifying human qualities and condemning vices in Sufi Akhmet Yassawi's poems. Journal of Cogent Arts and Humanities, VOL. 10, NO. 1, P 1-12. <https://doi.org/10.1080/23311983.2023.2257019>

#### **Г. САГИДОЛДА, К.К. САРЕКЕНОВА**

Евразийский Национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана,  
Казахстан

#### **М. САПАРНИЯЗОВА**

Университеті Алфраганус, Ташкент, Узбекистан

### **КОГНИТИВНАЯ СТРУКТУРА ЯЗЫКА «ХИКМЕТОВ» ЯСАВИ: КОНЦЕПЦИЯ «ИМАН»**

**Аннотация.** В статье актуализируется когнитивная структура «Хикметов» Ясави, в том числе концепция «Иман». Наследие Ходжи Ахмеда Ясави, передаваемое из поколения в поколение, место великой личности в истории исламской религии и исламской культуры, а также в духовной культуре тюркских народов очень велико. Ясави в своем труде говорит о принципах ислама и общечеловеческих ценностях. В вводной части статьи представлен обзор работ ученых, изучавших «хикметы» Ясави на разных этапах. Цель статьи заключается в рассмотрении концептуального поля языка Ясави и его «хикметов». Духовно-культурная лексика в произведении и образные языковые обороты (фразеологизмы, перифразы, слова-символы) с точки зрения содержательной внутренней структуры служат специальным кодом, ведущим к религиозному пьедесталу казахской национальной системы ценностей. В языке хикметов «иман» проявляется на концептуальном уровне, в свою структуру это слово включает такие понятия, как совесть, стыд, этика, уважение, смирение,

прощение, честность, совершенство, справедливость. Ответ на главный вопрос был дан путем анализа языковых единиц и с помощью цитирования хикметов в основной части статьи.

**Ключевые слова.** Ясавиведение, наследие Ясави, язык «Хикметов» Ясави, рукописный текст, переводной текст, когнитивная структура, концепт, концептосфера, лингвокультурный код

**G. SAGIDOLDA, K. K. SAREKENOVA**

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

**M. SAPARNIYAZOVA**

Alfraganus University, Tashkent, Uzbekistan

### **COGNITIVE STRUCTURE OF THE «HIKMET» YASAVI LANGUAGE: THE CONCEPT OF «IMAN»**

**Abstract.** The article updates the cognitive structure of the "Hikmet" Yasavi, including the concept of "Iman". The legacy of Khoja Ahmed Yasawi, passed down from generation to generation, the place of a great personality in the history of Islamic religion and Islamic culture, as well as in the spiritual culture of the Turkic peoples is very great. Yasawi in his work raises the main duty of Islam-principles, universal values. The introductory part of the article presents an overview of the works of scientists who studied the "hikmet" of Yasavi at different stages. The purpose of the article is to consider the conceptual field of the Yasavi "Hikmet" language from the point of view of the linguorukhani code. The spiritual and cultural vocabulary in the work and figurative language wrappers with their participation (phraseological units, periphrases, word-symbols) from the point of view of the meaningful internal structure serve as a linguorukhani code leading to the religious pedestal of the Kazakh national system of values. In the Hikmet language, "iman" manifests itself at a conceptual level, and even in its structure it summarizes concepts such as conscience, shame, ethics, respect, humility, forgiveness, honesty, perfection, justice. This issue was highlighted in the main part of the article by analyzing the linguistic units in it with the citation of Hikmet.

**Keywords.** Yasavite studies, Yasavi heritage, the language of "Hikmats" Yasavi, handwritten text, translated text, cognitive structure, concept, conceptosphere, linguistic and cultural code

### **References**

1. Аймаýытов Ж. ziret Sultan (Qoja Ahmet Iasaýı) / Iassaýı Qoja Ahmet. Dıyanı hikmet. Danalyq kitaby. – Almaty: Halyqaralyq Abaı klýby, 2009. – 312 b.

2. Qazaq halqynyń tarihi tulǵalary: Qysqasha anyqtamalyq / Qurastyrgan: .Kópish. – Almaty: "ner" baspasy, 2016. 1-kitap. – 312 b .

3. Bainietova S. Qoja Ahmet Iasaýı. Tarih, tulǵa, ýaqyt. – Almaty: "Arýna", 2007. – 96 b.
4. Shyǵarmalarynyń eki tomdyq jınaǵy / A.Qunanbaev. 1-tom: Óleńder men poemalar. Jalpy redaksiyasyn basqarǵan M.Áýezov. – Almaty: Qazaqtyń memlekettik kórkem ádebiyat baspasy, 1957. – 367 b.
5. Qoja Ahmet Iassaýı: Ğasyrlar shyńynan shashylǵan nur (ǵylymı basylym). – Almaty: "Qazetnodızam", 2007. – 480 b.
6. Quryshjanov Á. Qoja Ahmet Iasaýı shyǵarmalaryn zertteydiń keibir máseleleri//QR UǴA habarlary. Til, ádebiyat seriasy, 1994. № 5. – 24-33 bb.
7. Saraenbekov N., Abdina A. (2023). Intentional Approach to the interpretation of existential categories in the «Khikmets» of Akhmet Yassawi. Journal of Turk Kulturu ve Haci Bektas Veli-Arastirma Dergisi, NO. 106, P.265-276. <https://doi.org/10.34189/hbv.106.012>
8. Kelimbetov N. Ejelgi dáýir ádebiyeti. – Almaty, 1991. – 335 b.
9. Myrzahmetuly M. Iassaýı poeziyası: ǵylymdy júeleý kórinisteri jaynda birer sóz. "Jalyn" jýrnaly, 2014. – № 9. – 4-7 b.
10. Syzdyqova R. Iasaýı "Hikmetteriniń" tili. Kóptomdyq shyǵarmalar jınaǵy. – Almaty, 2014. – 667 b.
11. Maslova V.A. Kognitivnaja lingvısika. – Minsk: Tetrasist., 2004. – 55 s.
12. Islam A. "Ómir" konseptisiniń tildegi kórinisine lingvomádeni saraptama [Mátin] // A. Islam. – QR. UǴA-nyń habarlary. Til, ádebiyat seriasy. – 2003. – №4. – 18-33 bb.
13. Jandarbek Z. Qoja Ahmet Iassaýıdiń túrki tarihyndaǵy orny. [el.resýrs]: <https://abai.kz/post/9200>
14. Qazaq tiliniń túsindirme sózdigi. – Almaty: Daik-Pres, 2008. – 968 b.
15. Iassaýı Qoja Ahmet. Hikmetter/ Jalpy redaksiyasyn basqarǵan M.Q. Ábýseitova; Qazaqshalaǵan: Á. M.Ibatov, Z.Jandarbek, A.Sh.Nurmanova. – Almaty, 2000. – 208 b.
16. Iassaýı Qoja Ahmet. Dıyanı hikmet. Danalyq kitabı/Aýdarǵan Esenbai Dúisenbai. – Almaty, 2009. – 312 b.
17. Qazaq ádebi tiliniń sózdigi. On bes tomdyq. 4-tom. / Qurastyrgan: N.Áshimbaeva, Q.Rysbergenova, J.Mankeeva jáne t.b. – Almaty, 2011. – 752 b.
18. A.E.Alimbaev Kozhaahmet jasauı hikmetterindegi gumyr filosofijasy // Eurazija gumanitarlyk instituty habarshysy.-№ 1 – 2023., B. 167 – 178 <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-1.13>
19. Juraev Z., Rajavailev B., (2023). Glorifying human qualities and condemning vices in Sufi Akhmet Yassawi's poems. Journal of Cogent Arts and Humanities, VOL. 10, NO. 1, P 1-12. <https://doi.org/10.1080/23311983.2023.2257019>

**Авторлар жайлы мәлімет:**

**Сағидолда Гүлғайша** – филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Астана қаласы, Қазақстан.

**Сағидолда Гүлғайша** – доктор филологических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Sagidolda Gulgaisha** – doctor of philological sciences, Professor of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Саркенова Қарлығаш Құрманғалиқызы** – филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

**Саркенова Қарлығаш Құрманғалиқызы** – кандидат филологических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Sarkenova Karlygash Kurmangalikyzy** – Candidate of Philological Sciences, Professor of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Сапарниязова Муяссар** – филология ғылымдарының докторы, Алфраганус университетінің профессоры м.а., Ташкент, Өзбекстан.

**Сапарниязова Муяссар** – доктор филологических наук, и.о. профессора университета Алфраганус, Ташкент, Узбекистан.

**Saparniyazova Muyassar** – Doctor of Philology, Acting Professor of Alfraganus University, Tashkent, Uzbekistan.